

Темір ауданы әкімдігінің "Темір ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін, атауларын және индекстерін бекіту туралы" 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 80 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Темір ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 8 желтоқсандағы № 247 қаулысы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 31 желтоқсанда № 26299 болып тіркелді

Темір ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Темір ауданы әкімдігінің "Темір ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін, атауларын және индекстерін бекіту туралы" 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 80 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-10-189 болып тіркелген) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Темір аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Темір ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Темір ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Темір ауданының әкімі

С. Аманбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі
және автомобиль жолдары басқармасы"
мемлекеттік мекемесі

Темір ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 8
желтоқсандағы № 247 қаулысына
қосымша

Темір ауданы әкімдігінің 2 сәуірдегі
2018 жылғы № 80 қаулысына қосымша

Темір ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының атауларын және индекстерін тізбесі

№	Автомобиль жолдарының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Жалпы ұзындығы, километр
---	----------------------------------	--------------------------------	-----------------------------

1	KD-TE-01	Еңбекші ауылына кіреберіс жол	17,5
2	KD-TE-02	Шығырлы ауылына кіреберіс жол	0,809
3	KD-TE-03	Бірлік ауылына кіреберіс жол	2,43
4	KD-TE-04	Темір қаласына кіреберіс жол	1
5	KD-TE-05	Қопа ауылына кіреберіс жол	2,04
6	KD-TE-06	Алтықарасу ауылына кіреберіс жол	2,165
7	KD-TE-07	Құмқұдық ауылына кіреберіс жол	7,93
8	KD-TE-08	Тасқопа ауылына кіреберіс жол	33,51
9	KD-TE-09	Жамбыл ауылына кіреберіс жол	9,615
10	KD-TE-10	Сартоғай ауылына кіреберіс жол	3,28
11	KD-TE-11	Ақсай ауылына кіреберіс жол	1,7
	Барлығы		81,979